



Қарасу ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 142 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 маусымда № 5658 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 227 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 02.10.2015 № 227 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес схемасы бекітілсін.
2. Қоса беріліп отырған Қарасу ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары бекітілсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *A. Шәмшиев*
Әкімдіктің 2015 жылғы
21 мамырдағы № 142 қаулысына қосымша

Схемасы

Шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы ауданың жергілікті атқарушы органымен қаулыны қабылдауы.

Ауыл және ауылдық округ әкімдері аппараттарымен қауіпсіз тасымалдау үйімдастыру жөніндегі іс-шараларын бекіту (маршруттарды және балаларды отырғызуудың және тұсірудің орындарын белгілейді, балалармен, ата-аналармен, мұғалімдермен өткізілген нұсқаулықтар, тасымалдаушы және көлік туралы мәліметтер, балалардың тізімі, тасымалдауға бюджеттен бөлінген қаржы туралы мәліметтер).

Ауыл және ауылдық округ әкімдері аппараттарымен заңнамада белгіленген тәртіппен балаларды тасымалдауға жауапты органды белгілеу.

Заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты органдын балалардың мінү орындарынан және жалпы білім беретін мектептерге түсін тасымалдаудың жүзеге асыру.

Әкімдіктің

2015 жылғы 21 мамырдағы

№ 142 қаулысымен бекітілген

Қарасу ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қарасу ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидалары) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысына (бұдан әрі – Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасы) сәйкес әзірленді.

2. Балаларды тасымалдау Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 қаулысымен бекітілген Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын үйімдастыру

қағидасына сәйкес балаларды тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы үй м д а с т ы р а д ы .

4. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізуі үйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Балалар тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шүғылалы шырақшамен жабдықталуға тиіс. Бұл автобустардың алдына және артына «Балаларды тасымалдау» деген тану белгісі 1.21. жол белгісінің рәмізін қара бояумен бедерлеп қызыл түсті жиекті сары түсті квадрат түрінде (жақтары кемінде екі жұз елу миллиметр, жиектің ені - жақтың 1/10) орнатылады.

2. Балаларды тасымалдауды үйымдастыру

5. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың с а н ы н а н а с п а й д ы .

6. Балаларды тасымалдауға бөлінген автобустарда орындықтардың орналасуы жол жүрген кезде оларды алып жүретін ересектерге өздерінің орындарынан балалардың мінез-құлқын бақылауға мүмкіндік беруі тиіс.

7. Балаларды 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (көз көрерлік, тұман, қар басу, жаңбыр, тайғақ, сондай-ақ дауыл және басқа апат жағдайлары кезінде) жол берілмейді.

8. Оку орындарына тасымалдауды үйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оку орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын б е л г і л е й д і .

9. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші к е л і с е д і .

10. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-үйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру үйимдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

11. Балаларды алып журуі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы н ұ с қ а м а а л а д ы .

12. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши күелігі және

жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс
өтілі бар;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196
қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – Жол жүру ережесі) соңғы жылдары еңбек
тәртібін және қозғалысы өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш
жылдан кем болмайды тиіс.

13. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол
берілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан
басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және
түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуі жоқ
болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап
кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

14. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы
кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

15. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер автобустың әрбір
есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол
автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

16. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын
қамтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі¹
еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар
жасайды.

Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуі Жол жүру ережесін
басшылықта алуы тиіс. Автобустың аялдауы (тұрақтауы) кезінде балаларды
отырғызу және түсіру орындары, мүмкіндігінше, қарқынды қозғалысы бар жол
учаскелерінде орналаспауы тиіс. Аталған талапты орындау мүмкін болмаған
жағдайда балаларды автобусқа отырғызу және одан түсіру кезінде авариялық
сигнал беру іске қосылады.

17. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында
қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда
іс-кимыл тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында
тұрақтау уақытын хабарлайды.

18. Маршруттың соңғы пунктіне келгенде автобустар тұрақтау үшін бөлінген орындарға қойылады, ол жерден түсіру орнына бір-бірден келеді.

3. Қорытынды

19. Осы Балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидаларымен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК